

**Естемиров Марат Асанович**

**«Қазақстан Республикасындағы корпоративтік қатынастардың  
құқықтық реттелуі»**

**6D030100-Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына**

**АНДАТПА**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазіргі кезеңде корпорация, корпоративтік қатынас, корпоративтік құқық ұғымдары отандық іскерлік және ғылыми айналым мен тәжірибеде жиі қолданылатын ұғымдарға айналды десек болады. Корпорация дегеніміз не, корпоративтік қатынастарға қандай мазмұн берілуі қажет, корпоративтік қатынастарды кемел құқықтық реттеу қандай болмағы лазым, заңды тұлғалардың корпоративтік және корпоративтік емес ұйымдар деп жіктелуін отандық азаматтық заңнамаға ендіру қажеттілігі қандай деген секілді сауалдар легіне жауап беру қазіргі отандық заң шығарушының алдында тұрған міндет.

Зерттеушілердің арасында корпоративтік ұйымдар санатына жататын ұйымдық-құқықтық нысандар құрамы туралы ортақ пікір жоқ. Мысалы, зерттеушілердің бір тобы корпорация санатына тек коммерциялық ұйымдарды ғана жатқызумен шектелу қажет деп тапса, ал екінші бір тобы коммерциялық ұйымдармен шектелмей, сонымен бірге коммерциялық емес ұйымдарды да жатқызу қажет деп табады.

Мүліктік айналымды реттейтін икемді құқықтық механизмдердің болуы кәсіпкерлікті дамыту және оны қолдау ісінде аса үлкен маңызға ие екендігі баршаға мәлім. Отандық сот практикасына жүргізілген талдау корпоративтік қатынастарды құқықтық реттеуде ақандақ тұстардың барлығын, бір санаттағы істер бойынша әралуан сот практикасының қалыптасып жатқандығын көрсетуде. Біздің пайымдауымызша, бұл ретте аталған қиындықтарды еңсеруде академиялық қауымдастық, зерттеушілер белсенді қолғабыс көрсетулері тиіс. Құқыққолдану тәжірибесінің әралуан көкейкесті сауалдары бойынша сапалы зерттеулерді жүргізу нәтижесінде аталған мәселелерді еңсерудің тұшымды жолдары ұсынылуы қажет. Қазақ және орыс тілдеріндегі заң актілерінің ресми мәтіндерінде кездесетін сәйкессіздіктерде белгілі-бір мөлшерде корпоративтік қатынастардың тиісті деңгейде реттелуіне тосқауыл болуда. Диссертация соңында ұсынылған қосымшалардың бірінде тиісті негіздемесімен нақты мысалдар келтірілген.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Зерттеу жұмысының ғылыми негізіне Ю.Г. Басин, М.К. Сүлейменов, А.Г. Диденко, Ф.С. Карагусов, С.И. Климкин,

Б.Ж. Айтимов, Н.И. Мамонтов, С.А. Ынтымақов, Ө.Айтбайұлы, Е.В. Нестерова, Ф.К. Шакиров, И.Г. Колупаев, З. Ноғайбай, У.А. Сулейменова сынды отандық және Е.А. Суханов, И.С. Шиткина, Д.В. Ломакин, Н.В. Козлова, А.А. Ягельницкий, Д.И. Степанов, В.А. Белов, Б.М. Гонгало, В.Ф. Яковлев, Т.Е. Абова, А.Г. Карапетов, А.В. Габов, Е.В. Воскресенская, А.А. Кузнецов, К.В. Нам, Т.Д. Чепига, Е.М. Хегай, П.В. Степанов, В.В. Долинская, С.Н. Братусь, В.Д. Федчук, М.Г. Ионцев, В.И. Добровольский, А.Е. Шерстобитов, И.А. Покровский, Л.Чантурия, Б. Ираклий секілді жақын шетелдік зерттеушілердің еңбектері арқау болды. Сонымен бірге, П.Беренстің, А. Пинто мен Д. Брэнсонның, Б. Блэктың, Р. Ведденің, К. Хопттың, А. Дигнам мен Д. Лоуридің, К. Пейннің, Дж. Келлидің, С. Миллердің, М. Бюрскенс пен У. Ноакатың, Ф.С. Мачадоның, Г. Бахманның, К. Кюхнердің, С. Унгердің, Ф. Айдоған мен М. Емирлердің, Х.И. Шраммның, Дж. Мерфидің және т.с.с. алыс шетел зерттеушілерінің еңбектері арқау ретінде алынды.

Зерттеу жұмысында көтерілген сауалдардың бірқатары бұған дейін отандық зерттеушілердің назарынан тыс қалып келе жатқан тақырыптардың санатына жатады.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** ретінде корпоративтік қатынастардың құқықтық реттелуін зерттеу нәтижесінде отандық заңнама мен құқыққолдану тәжірибесін кемелдендіретін ұсыныстарды әзірлеу алынды.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу жұмысының алдына қойылар **міндеттері** ретінде келесілер белгіленеді:

- заңды тұлғалардың корпоративтік және корпоративтік емес ұйымдар деп жіктелу негіздері мен бұл жіктелуді отандық заңнамаға ендіру тиімділігін айқындау;
- жаңа қатысушыға ауысатын құқықтар көлеміне қатысты отандық заңнама мен сот тәжірибесін саралау және олардың ұтымды және теріс тұстарын талдау;
- ЖШС қатысушысының үлесін иесіз деп тану негізділігін айқындау;
- басқаруға қатысты қатысушылар арасында пікір қайшылығы туындап, қатысушылар қажетті шешімді қабылдауға қауқарсыздық танытқан жағдайды құқықтық реттестіру мүмкіндіктерін қарастыру;
- корпоративтік заңнаманың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің бір-бірімен қаншалықты сәйкес келетіндігін айқындау және бұл бойынша тиісті ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.**

Зерттеу жұмысында PhD диссертациясы деңгейінде корпоративтік құқықтың көкейкесті сауалдарының ғылыми әдіснама тәсілдерінің көмегіне жүгіне отырып талдануы және бұл зерттеудің нәтижесінің құқықтық айналым

қатысушыларының қолданысына ұсынылуы жұмыстың ғылыми қуатын көрсетеді, деп пайымдаймыз. Атап айтқанда, диссертацияда:

- отандық заңнамаға заңды тұлғалардың корпоративтік және корпоративтік емес ұйымдар деп жіктелуін ендіру қажеттілігі негізделді;

- ЖШС жарғылық капиталындағы үлесті иесіз деп тануға қатысты сот практикасы талданып, бұл сауал бойынша сот практикасында бірізділікті қалыптастыру үшін ұсыныс әзірленді;

- ЖШС жаңа қатысушысына ауысатын құқықтар көлемі зерттелді және заңнама мен сот практикасын кемелдендіруге бағытталған нақты ұсыныстар әзірленді;

- нақты сот істерінің мысалында «түйіткілді жағдай» ұғымы сараланып, ұсыныстар әзірленді.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Заңды тұлғалардың корпоративтік және корпоративтік емес ұйымдар деп жіктелуі ҚР АҚ бекітілуі қажет және корпоративтік заңды тұлғалар санатына тек коммерциялық ұйымдар ғана емес, сонымен бірге коммерциялық емес заңды тұлғалардың жекелеген нысандарын да енгізу керектігі жайлы ұстанымдар басшылыққа алынуы тиіс, деп пайымдаймыз.

2. Отандық құқыққолдану тәжірибесін кемелдендіре түсу мақсатында келесідей ұсыныстар білдірілуде:

- ЖШС жарғылық капиталындағы үлесті иесіз деп тану мүмкіндігіне қатысты отандық сот тәжірибесінде қазіргі таңда үш бағыт қалыптасуда.

**Бірінші бағыттағы** істерде сот үлесті иесіз деп тану туралы талап-арыздарды қанағаттандырмау жайлы байлам жасайды және мұны заттық құқықтық конструкцияларды міндеттемелік қатынастарға қолдануға болмайтындығымен негіздейді. Ал, **екінші бағыттағы** істерде мұндай талап-арыздарды қанағаттандыру жайлы байламдар жасалған. Мұндай шешімнің негіздемесі ретінде қатысушының ұзақ мерзім бойы серіктестікпен байланысты үзіп алғандығы, серіктестіктің қызметіне қатыспайтындығы, тұрғылықты жерінің белгісіздігі сияқты мән-жайлардың себебінен серіктестіктің қызметінің дағдарыста екендігі айтылады. Ал, **үшінші бағыттағы** істерде үлесті мәжбүрлеп сатып алу механизмі арқылы шешу үрдісі белең алуда. Біздің пайымдауымызша, үлесті мәжбүрлеп сатып алу механизмі бұл мәселенің шешімі болуға толықтай қауқарлы. Сол себепті, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР ЖС НҚ келесідей толықтыру ендіруді ұсынамыз: «ҚР АҚ 242-бабына сүйене отырып, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесті иесіз деп тануға жол берілмейді. Жекелеген қатысушылардың серіктестік қызметіне қатысуын тоқтатуы себепті бұзылған, серіктестіктің ағымдағы қызметін қалпына келтіру үшін серіктестік қатысушылары үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы талап қоюы тиіс»;

- Отандық сот тәжірибесінде корпорацияға кейіннен қосылған қатысушының өзіне дейін қабылданған шешімдерді даулай алмайтындығы жайлы орныққан ұстаным бар. Сондай-ақ жаңадан қосылған қатысушының ақпаратты алу және басқару органдарын жауаптылыққа тарту туралы талап қою құқықтарының да қатысушы мәртебесін алған сәттен ғана туындайтындығы жайлы байлам жасалған сот шешімдері кездеседі. Біздің пайымдауымызша, бұл бағыттағы сот практикасы дұрысталуды талап етеді. Атап айтқанда, өзіне дейінгі қабылданған шешімдерді даулау мәселесінде серіктестікке (қоғамға) қосылу сәтіне емес, қатысушының (акционердің) құқықтары мен заңи мүдделерінің шынайы бұзылған-бұзылмағандығына баса назар аударылуы тиіс. Бұзылған құқық жайлы талапты мазмұны бойынша қарамастан, қатысушының (акционердің) ұйымға кейіннен қосылғандығы фактісінің өзіне ғана сүйеніп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруға жол берілмеуі қажет. Сондай-ақ қатысушылардың ақпарат алу және басқару органдарын жауаптылыққа тарту жөніндегі талап-арыздармен сотқа жүгінуі сияқты таза корпорацияның өзінің ішкі қатынастарына қатысты жағдайларда да серіктестікке (қоғамға) қосылу сәті шешуші факторға ие болмауы қажет. Сол себепті, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР ЖС НҚ келесідей толықтыру ендіруді ұсынамыз: «Қатысушылар құрамына қосылу сәтіне қарамастан, ЖШС қатысушысы серіктестік қызметінің бұрынғы кезеңдері жайлы ақпарат алуға құқылы. Қатысушының серіктестіктің мүддесін көздеп әрекет ететіндігін ескере отырып, серіктестікке кейіннен қосылған қатысушыға, серіктестіктің басқару органдарынан олардың серіктестікке келтірген зиянын өндіріп алуға рұқсат етілуі қажет. Шешімді қабылдау сәтінде тұлғада серіктестіктің қатысушысы мәртебесінің болмауы, шешімді жарамсыз деп тану талабын қанағаттандырудан бас тартуға негіз болмауы тиіс»;

- ЖШС жарғылық капиталындағы үлесті иеліктен шығарушының шарт жасасу сәтінде білдірген сендірулеріне қатысты отандық сот практикасында қарама-қайшы ұстанымдар қалыптасуда. Бұл сауал бойынша біркелкі сот практикасын қалыптастыру үшін «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР ЖС НҚ келесідей толықтыру ендіруді ұсынамыз: «Үлесті иеліктен шығарушының білдірілген сендірулері (үшінші тұлғалардың алдында берешегінің жоқтығы, жарғылық капиталға салым салу жөніндегі міндеттемесін орындағандығы туралы және т.с.с.) жарамды және тараптар істің мән-жайын растау мақсатында оларға сілтеме жасай алады»;

3. Қолданыстағы отандық заңнаманы жетілдіру және құқыққолдану тәжірибесінде туындап жатқан қиындықтарды еңсеру мақсатында «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер

туралы» ҚР заңына келесідей мазмұндағы толықтырулар сипатталған (А қосымшасын) қабылдауды ұсынамыз:

- Қатысушылардың арасындағы серіктестікті басқаруға қатысты туындаған пікір қайшылығы себепті, серіктестіктің қызметінің қалыпты режимінің бұзылу жағдайлары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тиісті деңгейде реттелмеген. Нормативтік қаулыларда ҚР ЖС мұндай жағдайда сот органдарының басқару ісіне килікпеуі қажеттігі жайлы пікір білдірген. Біздің пайымдауымызша, жағдайды толыққанды реттеу үшін қолданыстағы заңнамаға дедлок ұғымын ендіру қажет;

- ЖШС қатысушыларының құрамында өзгеріс орын алып, тұлға ЖШС қатысушылары құрамынан шыққан ретте үлесті иеліктен шығарғанға дейінгі кезең бойынша табыс алу құқығының болатындығы не болмайтындығы мәселесінің отандық заң шығарушының назарынан тыс қалғандығына зерттеу барысында көз жеткізілді. Сонымен бірге, осы нақтылаудың жоқтығы себепті, осы санаттағы сауалдарды шешу барысында құқыққолдану тәжірибесінде бірқатар қиындықтардың туындап жатқандығы белгілі болды. Осы себепті, қолданыстағы заңнамаға осы бөлігінде толықтыру енгізілуі қажет;

- Үлкен мөлшерде берешегі бар серіктестіктің таза табысты бөле алатындығына да қатысты тәжірибеде қиындықтардың туындап жатқандығы зерттеу нәтижесінде белгілі болды. Бұл жағдайда айқындылық болуы және несие берушілердің құқығын қорғауды кемелдендіре түсу үшін ЖШС туралы отандық заңға тиісті толықтырулар ендірілуі қажет, деп пайымдаймыз.

4. Корпоративтік қатынастарды реттейтін құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің бір-біріне сәйкестігін айқындау бағытында жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар сәйкессіздіктердің барлығы белгілі болды. Осы себепті, заң шығарушыға Б қосымшасын назарға алуды ұсынамыз.

**Зерттеу құндылығы** жайлы келесідей пайымдарды ортаға салуға болады. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелерін отандық заңнама мен сот тәжірибесін жетілдіруде, «Корпоративтік құқық» пәні бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына сабақ беру барысында қолдануға болады.

**Зерттеу нәтижелерінің жариялануы.** Зерттеу нәтижесінде жасалған байламдар білім және ғылым саласы бойынша уәкілетті орган белгілеген ғылыми журналдарда, халықаралық конференциялардың жинақтарында, Scopus базасына енетін журналда жарық көрді.

**Диссертацияның құрлымы мен көлемі.** Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

**Диссертацияның құрлымы мен көлемі.** Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

## **I тарау «Заңды тұлғалардың корпоративтік және корпативтік емес ұйымдар деп жіктелуін ҚР АҚ ендіру орындылығы» деп аталады.**

**1.1 тармақта** заңды тұлғаның корпоративтік және корпоративтік емес ұйымдар деп жіктелуі сипатталады, сондай-ақ аталған жіктелуді отандық азаматтық заңнамаға ендіру орындылығына көңіл бөлінеді.

**1.2 тармақта** «корпоративтік дау» ұғымы сипатталады және аталған ұғымды қолдануға қатысты отандық құқыққолдану тәжірибесінде қалыптасқан жағдай заңды тұлғалардың корпоративтік және корпоративтік емес ұйымдар деп жіктелуін заңнамаға ендірудің бір негізі ретінде ұсынылады.

Атап айтқанда, ҚР АПК 27-бабының 1-тармағында келесідей мазмұндағы құқықтық норма бекітілген:

«Корпоративтік дауларға олардың тарапы коммерциялық ұйым, коммерциялық ұйымдар қауымдастығы (одағы), коммерциялық ұйымдар және (немесе) жеке кәсіпкерлер қауымдастығы (одағы), Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым және (немесе) оның акционерлері (қатысушылары, мүшелері), оның ішінде бұрынғы акционерлері (бұдан әрі – корпоративтік даулар) болып табылатын:

- 1) заңды тұлғаны құруға, қайта ұйымдастыруға және таратуға;
- 2) өзіне акционерлік қоғамның акцияларын, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін, кооперативтер мүшелерінің пайларын қамтитын мұраға қалдырылған мүлікті бөлуге немесе ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлуге байланысты туындайтын дауларды қоспағанда, акционерлік қоғамдар акцияларының, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің, кооперативтер мүшелері пайларының тиесілілігіне, олардың ауыртпалықтарын анықтауға және олардан туындайтын құқықтарды іске асыруға, оның ішінде олармен жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тануды;
- 3) лауазымды адамдардың, құрылтайшылардың, акционерлердің, қатысушылардың (бұдан әрі – заңды тұлғаға қатысушылар) және өзге де тұлғалардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) заңды тұлғаға келтірілген залалдарды өтеу туралы талаптарға;
- 4) мәмілелерді жарамсыз деп тануға және (немесе) осындай мәмілелердің жарамсыздығының салдарларын қолдануға;
- 5) заңды тұлғаның басқару органдарының құрамына кіретін немесе кірген адамдарды тағайындауға немесе сайлауға, өкілеттіктерін тоқтатуға, тоқтата тұруға және олардың жауаптылығына, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін жүзеге асыруға, тоқтатуға, тоқтата тұруға байланысты осындай адамдар мен заңды тұлға арасындағы азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларға;
- 6) бағалы қағаздар эмиссиясына;

7) акцияларға және өзге де бағалы қағаздарға құқықтарды ескере отырып, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінің жүргізілуіне, сондай-ақ бағалы қағаздарды орналастыруға және (немесе) олардың айналымына байланысты дауларға;

8) акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тануға;

9) заңды тұлғаға қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру мен өткізуге және онда қабылданған шешімдерге;

10) заңды тұлғаның басқару органдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтуға байланысты даулар жатады».

Дәл осыған ұқсас құқықтық норма бұрынғы ҚР АПК бекітілген еді. Алайда, Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 05 шілдесіндегі №236-V «Әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі заңнаманың кейбір мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының жекелеген заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар ендіру туралы» заңына сәйкес корпоративтік даулардың жоғарыдағы тізбегі алынып тасталған еді. Осы себепті, отандық жаңа АПК қолданысқа енгізілгенге дейін іскерлік айналым аталған тізбексіз жұмыс істеді. Осы кезеңде алдыңғы жылдары корпоративтік дау санатына жатып келген істердің соттылығы туралы мәселе туындады. Сонымен бірге, сот практикасында тек осы тізбектен туындайтын істер ғана корпоративтік дау санатына жатады деген орныққан ұстаным бар. Осы тарауда біз өзіміздің аталған ұстаныммен келіспейтіндігімізді негіздейтін боламыз.

**1.3 тармақта** коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандарына сипаттама берілген.

ҚР АҚ 34-бабының 2-тамағына сәйкес коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін.

Ал, осы баптың 3-тармағына сәйкес коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік нысанында және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

**1.4 тармақта** қатысушылардың (құрылтайшылардың) заңды тұлғаның мүлкіне қатысты құқықтарына қарай заңды тұлғаның жіктелуі сипатталады.

ҚР АҚ 36-бабының 2-тармағына сәйкес мүлкіне өз қатысушылары (құрылтайшылары) міндеттемелік құқықтарын сақтап қалатын заңды тұлғаларға шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғам мен кооперативтер жатады.

Ал, осы баптың 3-тармағына сәйкес мүлкіне өз құрылтайшылары меншік құқығын немесе өзге де заттық құқығын сақтап қалатын заңды тұлғаларға шаруашылық жүргізуші құқығында немесе оралымды басқару құқығында мүлкі бар ұйымдар жатады.

ҚР АҚ 36-бабының 4-тармағына сәйкес мүлкіне олардың құрылтайшылары (қатысушылары) мүліктік құқықтарын сақтамайтын заңды тұлғаларға қоғамдық бірлестіктер, қорлар және діни бірлестіктер жатады.

**Екінші тарау «Корпоративтік ұйым қатысушыларының жекелеген құқықтары мен міндеттері» деп аталады.**

**2.1 тармақта** корпоративтік ұйым қатысушыларының құқықтары мен міндеттері жалпы сипатталған. Шын мәнінде, бірқатар нормативтік құқықтық актілерде корпоративтік ұйымдардың қатысушыларының (мүшелерінің) құқықтары мен міндеттерінің жалпы тізімі берілген арнайы жеке баптар берілген.

Атап айтқанда, ЖШС туралы ҚР Заңының 11-бабының 1-тармағы, «Акционерлік қоғамдар жөніндегі» ҚР заңының 14-бабының 1-тармағы, «Өндірістік кооператив туралы» ҚР Заңының 9-бабының 1-тармағы, «Тұтыну кооперативі туралы» ҚР Заңының 14-бабы.

Заң шығарушы белгілі-бір құқықтарды ұсынумен қатар, сонымен бірге бұл ұйымдардың қатысушыларына міндеттер де жүктейді. Мысалы, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-бабының 1-тармағы, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 15-бабының 1-тармағы, «Тұтыну кооперативі туралы» ҚР заңының 15-бабы және т.б.

Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері жөніндегі ережелер әдетте, жалпы мағынадағы сөйлемдермен берілгендіктен бұл нормаларды қолдануға қатысты құқыққолдану тәжірибесінде әралуан позициялар қалыптасуда. Осы және өзге де сауалдар кейінгі жекелеген тармақшаларда тереңдетіліп қарастырылатын болады.

**2.1.1 тармақшада** қатысушылардың ақпарат алу құқығы сипатталады.

«Шаруашылық серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 8-1 бабының 1-тармағында келесідей ереже бекітілген «Шаруашылық серіктестігі өзінің қатысушыларының талап етуі бойынша серіктестіктің қызметі туралы, оның қатысушыларының мүдделерін қозғайтын ақпарат беруге міндетті.

Шаруашылық серіктестіктері қатысушыларының мүдделерін қозғайтын ақпарат деп:

1) серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысында қабылданған, серіктестіктің байқау кеңесінің, атқарушы органының, тексеру комиссиясының (ревизорының) шешімдері және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) серіктестіктің өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мөлшерде серіктестіктің қарыз алуы;

3) жасалған мәміле нәтижесінде серіктестіктің өз меншігіндегі капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын



сомадағы мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәмілені немесе өзара байланыстағы мәмілелерді серіктестіктің жасауы;

4) серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиялар алуы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға бұрын алған лицензияларынан айыру;

5) серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;

6) нәтижесінде серіктестіктің баланстық құны қоғам активтері жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп процентін құрайтын мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;

7) серіктестікті әкімшілік жауаптылыққа және (немесе) оның лауазымды адамдарын қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту;

8) серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

9) аудиторлық есеп (ол бар болса);

9-1) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат;

10) серіктестіктің жарғысына сәйкес серіктестік қатысушыларының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат танылады».

Зерттеу жұмысының бұл бөлігінде автор көкейкесті өзекті мәселе ретінде келесілерді сипаттайды: 1) құқыққолдану тәжірибесінде серіктестікке кейіннен қосылған қатысушының бұрынғы кезең бойынша ақпарат ала алмайтындығы жайлы ұстанымдар кездеседі; 2) қатысушының ақпарат алу талабына талап қою мерзімі қолданылады, атап айтқанда қатысушы тек соңғы үш жыл кезеңі бойынша ғана ақпарат ала алуы тиіс. Осы тармақшада автор аталған сауалдарды шешу жолдарын ұсынады.

**2.1.2 тармақшада** ұйым қызметінен қатысушылардың табыс алу құқығы сипатталады. Бұл тармақшада автор, ЖШС қатысушыларының құрамында өзгеріс орын алған ретте таза табысты алуға қатысты бұрынғы және жаңа қатысушылардың арасында туындауы мүмкін дауға тоқталады және мұндай жағдайдың алдын-алу мақсатында қолданыстағы заңнамаға толықтыру енгізуді ұсынады.

**2.1.3 тармақшада** басқару органдарының шешімдерін осы ұйымдардың қатысушылары тарапынан даулау мәселесі сипатталады. Бірқатар нормативтік құқықтық актілерде қатысушылардың басқару органдарының шешімдерін даулау құқықтары бекітілген. Мысалы, «Тұтыну кооперативі туралы» ҚР Заңының 18-бабының 4-тармағында «Жалпы жиналысты өткізу мен осы Заңда, жарғыда және тұтыну кооперативінің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарда қабылданған шешімдер жүргізу тәртібін бұза отырып қабылданған тұтыну кооперативі жалпы жиналысының шешімін, сол сияқты жалпы жиналыстың осы Заңға не жарғыға қайшы келетін шешімін, оның ішінде тұтыну кооператив мүшелерінің құқығын бұзатын шешімін тұтыну кооперативі мүшелерінің арызы бойынша сот толық немесе ішінара жарамсыз

деп тануы мүмкін. Ондай арызды жалпы жиналыс өткізілген күннен бастап алты ай ішінде беруге болады» деген мазмұндағы ереже бекітілген.

Алайда, бұл бөліктегі құқыққолдану тәжірибесінің даму бағыттары күн тәртібіне бірқатар сауалдарды шығарады. Мысалы, серіктестікке кейіннен қосылған қатысушының бұрынғы қабылданған шешімдерді және осы шешімдердің негізінде жасалынған мәмілелерді даулай алмайтындығы жөніндегі позиция отандық сот практикасында орныққан. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың осы сауалға қатысты еңбектері талданады.

Мәселенің осы және өзге де қырлары осы тармақшада сипатталады.

**2.1.4 тармақшада** қатысушылардың жарғылық капиталға салым салу жөніндегі міндеті сипатталған. ЖШС жарғылық капиталына қойылар талаптың жеңілдетілуінің негізділігі талданады.

**2.2 тармақшада** «түйіткілді жағдай» ұғымы сипатталады және мұндай жағдайдан шығу жолдары сараланбақ.

**Үшінші тарау «Корпоративтік қатынасқа қатысушылардың мүліктік жауаптылығы»** деп аталады.

**3.1 тармақта** басқару органдарының мүліктік жауаптылығының жекелеген қырларына көңіл бөлінген.

Серіктестікке кейіннен қосылған жаңа қатысушы, қатысушы мәртебесін алмай тұрып заңды тұлғаға залал келтірген басқару органдарын мүліктік жауаптылыққа тарта алмайтындығы жөнінде отандық құқыққолдану тәжірибесінде жасалған байламдар бар. Бұл ұстанымның оң және теріс тұстары осы тарауда талданбақ.

**3.2 тармақта** корпоративтік ұйым қатысушысының үлесін мәжбүрлеп сатып алу (шығару) мәселесі көтеріледі.

Ал, **3.3 тармақта** «корпоративтік пердені түру» концепциясын отандық заңнамаға ендіру мүмкіндігі талданады.

## Жарияланған мақалалардың тізімі:

### Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинағына енген мақалалардың тізімі:

1. Естемиров М.А. «Конституциялық құндылықтардың жеке құқық саласындағы қолданысы» // Қазақстан Республикасының Конституциясы Күніне арналған «КОНституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (2017 ж. 2-30 тамыз) /Жалпы редакциясын басқарғандар: И.И. Рогов, А.О. Шәкіров, - Астана: Баспа: «Жарқын Ко»: 2017. – 412 б. б. 397-402

2. Естемиров М.А. «Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесті иесіз деп тану жөніндегі отандық сот тәжірибесіне шолу» // Недействительные сделки в гражданском праве: материалы междунар. научн. практ. конф. В рамках ежегодных цивилистических чтений, посвященной 75-летию профессора Рольфа Книпера(Алматы, 19-20 мая 2016 г.) / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права, 2017. -744 с. б.702-710

3. Естемиров М.А. «Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлестің ауысу тәртібі және оның құқықтық салдары» // «Мемлекеттің норма шығарушылық қызметін жетілдіруде іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің рөлі» тақырыбындағы ғыл.-практ. конф. Материалдары, 2016 жылғы 11 қараша – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2017. – 208 с. б.145-150

4. Естемиров М.А. «Жеке құқықтық қатынастарды реттейтін отандық заңнаманы жетілдіру жөніндегі кейбір ойлар» // Н.А. Шайкеновті еске алуға арналған («Шайкенов оқулары») «Қазіргі заман жағдайларында жеке адам құқықтарын қамтамасыз ету» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2016. б.194-199

5. Естемиров М.А. «Роль судебной практики в развитии корпоративного права: на примере Республики Казахстан» // Научные труды. Российская академия юридических наук. Выпуск 15 – М.: 2015. В сборнике представлены труды членов Российской академии юридических наук (РАЮН) и материалы XV Международной научно-практической конференции «судебная реформа в России: прошлое, настоящее, будущее». С.643-648

6. Естемиров М.А. «Басқару органдарының заңды тұлғаға келтірген залалын өндіріп алудың кейбір қырлары» // Совершенствование законодательства Республики Казахстан в сфере интеллектуальной собственности: материалы международной научно-практической конференции от 30 января 2015 года, посвященной юбилею д.ю.н., профессора, директора НИИ «Гражданско-правовых исследований», заведующего кафедрой «Гражданского и гражданского процессуального

права» Казахского Гуманитарно-Юридического Университета Каудырова Т.Е. – Астана, АО «Казахский Гуманитарно-Юридический Университет», 2015. – б.172-182.

7. Естемиров М.А. «Заңды тұлға конструкциясындағы жарғылық капиталдың атқарар рөлі және маңызы» // Гражданское право: вызовы времени: Мат. междунар. науч. конф., посвященной 70-лет. Юбилею д.ю.н., профессора А.Г. Диденко, Алматы, 03 октября 2014 г. / Алматы, 2015. б.524-531

8. Естемиров М.А. «Акционерлік қоғамның жасалу үрдісіне ерекше талаптар қойылатын мәселелері» // Предмет, метод и система гражданского права: материалы междунар.науч.-практ.конф., в рамках ежегод. Цивилистических чтений, посвящ. Году «Германия в Казахстане 2010», Алматы, 13-14 мая 2010 г. б.430-435

9. Естемиров М.А. «Акционерлік қоғам қызметі барысында туындайтын кейбір сауалдардың құқықтық реттелуі» // Совершенствование института представительства: вопросы правотворчества и правоприменения. Материалы междунар.науч.-практ. Конф., Астана, 19 марта 2010 г. /Отв. редактор Б.Ж. Әбдірайым. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Нумилева, 2010. – б.298-304

10. Естемиров М.А. «Заңды тұлғалар бірлестігінің құқықтық реттелуіне қатысты мәселелер» // Субъективное гражданское право и средства его обеспечения: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной памяти Ю.Г. Басина (в рамках ежегодных цивилистических чтений). Алматы, 13-14 июня 2005 г. – Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2005. – б.287-290

11. Естемиров М.А. «Заңды тұлғалардың фирмалық атауларына қатысты кейбір мәселелер» //2005 жылғы 15 сәуірде ҚазГЗУ АЗА-да өткізілген Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу және даму мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары Алматы, 2005. – б.440-444

**Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми баспаларда жарияланған мақалалар:**

12. Естемиров М.А. «Дедлоқтың жекелеген сұрақтарының Қазақстан Республикасының заңнамасымен құқықтық реттелуі» // «Құқық және мемлекет», № 4 (73), 2016. б.88-92

13. Естемиров М.А. «Корпорация, корпоративтік қатынас және корпоративтік құқық ұғымдарының сипаттамасы» // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №6 (33) 2015. б.85-91

14. Естемиров М.А. «ЖШС қатысушысының үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдау тәртібінің құқықтық реттелуі» // «Құқық және мемлекет» журналы, №3 (68), 2015. б.94-97
15. Естемиров М.А. «Акционерлер келісімі жөніндегі ақиқат пен аңыз» // «Құқық және мемлекет» журналы, №1 (50) 2011 ж. б.109-113
16. Естемиров М.А. «Құқықты қиянат жасауға пайдаланбау принципі: қалыптасу тарихы мен қазіргі қолданысы» // «Әділеттің» ғылыми еңбектері журналы, №2 (32), 2010. б.49-54
17. Естемиров М.А. «Аффилирленген (қосылма) тұлғалар: түсінігі, сипаттамасы» // Журнал «Право и государство», №1/2 2004 – б.39-40

**Scopus базасына енген журналда жарияланған мақала:**

18. Yestemirov M.A. «Legal status of the Limited Liability Partnership by the Legislation of the Republic of Kazakhstan» // World Applied Sciences Journal 24 (11): 1420-1423, 2013. Scopus, SJR \_2013 : 0.139

**Газетте жарияланған мақала:**

19. Естемиров М.А. «Шалағай аударма шатыстырып жүр» // «Зан» газеті, №65 (1488), 2009 жылдың 1 мамыры. б.7